

ОӘЖ 419.992

ҒТАХР 16.31.51

DOI 10.56525/VVUW5269

ҚАНДАС БАУЫРЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ДЕҢГЕЙЛІК МОДЕЛЬ

Смагулова У. Т.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан
e-mail: umsynkul.smagulova.@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада шетелде тұратын немесе тарихи Отаны – Қазақстанға қоныс аударған қандас қазақтарға қазақ тілін оқытудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Қандастар контингентінің жас, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктері, көптілді орта факторлары сараланып, қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік, лингвомәдени және әлеуметтік-бейімдік мақсаттары айқындалады. Зерттеуде коммуникативтік-әрекеттік, функционалдық-ситуациялық, мәдени-интегративтік және тұлғалық-бағдарлы қағидаттарға сүйенген А0-С1 деңгейлік моделі ұсынылады. Бастауыш, орта және жоғары деңгейлер үшін көші-қон, тұрмыс, білім, еңбек, ресми қатынас және кәсіби тілге қатысты мазмұндық блоктар жүйеленіп, үлгі-диалог, жобалық жұмыс, кейс-стади, фольклор мен отбасылық ресурстарды пайдалану сияқты тиімді педагогикалық әдістер сипатталады. Қандастарға қазақ тілін оқыту тілдік бейімделудің, ұлттық-мәдени идентичтікті нығайтудың және Қазақстан қоғамына әлеуметтік интеграцияның маңызды құралы ретінде негізделеді.

Шет ел қазақтарына қазақ тілін оқыту тақырыбы өзекті болып табылады. Бұл мақалада шет елдерде тұратын қазақтарға ана тілін меңгерту әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Әсіресе, жазылым, оқылым, айтылым дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Қазақ тілінің мәдени байланыстарды нығайтудағы рөлі де талқыланады. Мақалада шет елдердегі қазақ диаспорасына арналған арнайы оқу бағдарламалары мен материалдары туралы айтылған.

Қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесінің ерекшеліктері – бұл тіл үйренушілердің мәдени және тілдік қажеттіліктерін ескеретін маңызды бағыт. Бұл әдістеме оқыту барысында ұлттық дәстүрлерді, тілдік орта мен коммуникациялық дағдыларды дамытуға баса назар аударады. Сабақтарда интерактивті әдістерді қолдану арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға және олардың тілдік қорын байытуға мүмкіндік береді. Тіл үйрету процесінде ойындар, диалогтар, рөлдік ойындар және қазіргі заманғы технологиялар кеңінен қолданылады.

Түйін сөздер: қандастар, қазақ тілін оқыту әдістемесі, педагогикалық модель, тілдік бейімделу, коммуникативтік оқыту, деңгейлік оқыту.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы жаһанданудың қарқынды даму дәуірінде, тілдерді оқыту мен үйрету мәселесі кез келген ұлттық қоғамның ең өзекті және маңызды қажеттіліктерінің бірі болып саналады. Қазақ тілін толыққанды үйрену және жетік меңгеру қандас бауырлар үшін ана тілін ұрпақтан ұрпаққа сақтау және ұлттық бірегейлікті (идентичтікті) нығайту сияқты айрықша мақсаттарға жетуде ерекше зор маңызға ие. Бұл тақырыптың ғылыми және практикалық өзектілігі ең алдымен, шет елдердегі қазақтар арасындағы мәдени және тілдік байланыстарды жаңа деңгейде жаңғырту қажеттілігімен тығыз байланысты. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ерекше және тиімді нұсқаларын тереңірек зерттеу және талдау арқылы, қандас бауырлардың тілді меңгеру процесін едәуір жеңілдетуге және олардың қазақстандық қоғамға табысты әлеуметтік интеграциялану мүмкіндіктерін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік туады.

Қазіргі кезеңде қандас бауырларды қазақ тіліне оқыту мәселесі тілдік білімді меңгерумен ғана шектелмейді. Бұл ең алдымен, олардың қазақ қоғамына сәтті бейімделуіне

(адаптациясына) және толыққанды интеграциялануына септігін тигізетін аса маңызды элеуметтік фактор болып табылады. Қазақ тілін үйренудің практикалық мәні өте зор, себебі ол қандастардың қоғамның элеуметтік, мәдени экономикалық өміріне белсенді түрде қатысуына кең мүмкіндіктер береді. Осы тақырыпты ғылыми тұрғыда зерттеу қандас бауырлар арасындағы тілдік кедергілерді жоюға, сондай-ақ олардың білім алу және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге үлкен көмек көрсетеді.

Соңғы жылдары Қазақстанға шетелдерден оралып жатқан қазақтардың санының тұрақты түрде артуы білім беру жүйесінің алдына жаңа және күрделі міндеттер қойды. Олардың қазақстандық элеуметтік-мәдени ортаға табысты бейімделуі, кәсіби және тұлғалық элеуетін іске асыруы ең алдымен мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру деңгейіне тікелей тәуелді болып тұр. Қазақ тілі қандастар үшін қарым-қатынас жасаудың тиімді құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық-мәдени бірегейліктің (идентичтіктің) негізгі коды ретінде айрықша маңызға ие.

Сонымен қатар, қандас бауырларға арнайы әзірленген әдістемелерді белсенді түрде қолдану олардың тілдік дағдыларын (яғни, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымды) тезірек әрі тиімдірек меңгеруіне, сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыруға және ең бастысы, қазақ қоғамына толыққанды және белсенді мүшесі ретінде енуіне үлкен ықпал етеді.

Осыған орай, ғылыми зерттеу барысында алынған және жүйеленген нәтижелер тек академиялық және ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелері мен тіл үйрету орталықтары үшін де маңызды практикалық мәнге ие болады. Қазақ тілін оқыту процесін кешенді түрде жетілдіру арқылы қоғамдағы тілдік әртүрлілікті сақтау және ұлттық мәдениетті нығайту сияқты стратегиялық маңызды мәселелер табысты түрде шешімін табады.

Қазіргі практикада қандастарға арналған қазақ тілі курстары әр түрлі мекемелерде (көші-қон орталықтары, ЖОО, колледж, тіл орталықтары, қоғамдық ұйымдар) жүзеге асқанымен, оқу мазмұны мен әдістемесі бірыңғай педагогикалық модельге негізделмеген. Көбіне практикалық қазақ тілі, жалпы «шет тілі ретінде қазақ тілі» немесе «ана тілі ретінде қазақ тілі» үлгілері қолданылады, ал қандастар аудиториясының элеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері толық ескерілмейді.

Осыған байланысты қандастарға қазақ тілін оқытуды арнайы педагогикалық негізде қарастыру, көптілді орта жағдайын, тілдік деңгей типологиясын, мотивация сипатын мәдени-интеграциялық міндеттерді тоғыстыратын деңгейлік әдістемелік модель жасау – өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселе.

Зерттеудің нысаны – қандастарға қазақ тілін оқыту үдерісі, пәні – осы үдерістің педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктері. Мақсаты – қандастарға қазақ тілін оқытудың элеуметтік-лингвистикалық алғы шарттарын талдап, А0-С1 деңгейлері бойынша құрылымданған педагогикалық модель ұсыну.

Әдебиеттерге шолу

Қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін зерттеу қазіргі замандағы ең өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің басты мақсаты – қандастардың ана тілдерін жетік меңгеруі арқылы ұлттық бірегейлікті (идентичтікті) сақтау және олардың қазақстандық қоғамға табысты әрі сәтті интеграциялануын қамтамасыз ету. Осыған орай, қандас бауырларға қазақ тілін үйрету әдістемесін жүйелі түрде жетілдіру – тек қана тілдік білімді меңгерумен шектелмейді; бұл, сонымен қатар, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етудің шешуші және маңызды факторы болып саналады.

Қазақ тілін оқыту процесінде заманауи технологиялардың рөлі ерекше орын алады. Мысалға, интерактивті оқыту құралдарын және мультимедиялық технологияларды сабақтарда тиімді қолдану білім алушылардың тілді меңгеруін айтарлықтай жеңілдетеді. Аудио және видео материалдарды пайдалану арқылы тіл үйренушілердің есту және көру қабілеттерін дамытуға кең мүмкіндіктер туады. Сондай-ақ, онлайн платформалар арқылы қашықтан оқыту мүмкіндіктері кеңейіп, бұл қандастардың қазақ тіліне қолжетімділігін арттыра түсуде. Бұл әдістердің тиімділігін дәлелдейтін зерттеулер көрсеткендей, интерактивті және

мультимедиялық оқыту құралдары тыңдаушылардың мотивациясын арттырып, тіл үйрену процесін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Алайда, қандас бауырлардың тілдік ерекшеліктерін мұқият ескеру аса маңызды болып табылады. Өйткені, әр халықтың өзіне тән тілдік кедергілері мен ерекшеліктері бар екені белгілі. Мысалы, кейбір қандастар қазақ тіліне ұқсас тілдерде сөйлейтіні, ал екінші бір бөлігі мүлдем басқа тілдік топтарға жататыны мәлім. Осыған байланысты, оқыту үдерісінде индивидуалды тілдік ерекшеліктерді ескеретін әдістерді белсенді қолдану қажет. Бұл әдістердің тиімділігін тәжірибелік тұрғыда бағалау, олардың артықшылықтарын нақты анықтап, содан кейін нәтижелерді жүйелеу өте маңызды.

Сондай-ақ, қазақ тілін үйрету әдістемесінің қандастар арасындағы тәжірибелерін жалпылап, олардың білім деңгейін арттыруға ықпал ететін инновациялық әдістерді дамыту және оқу процесіне енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл инновациялық әдістердің ішінде жобалық оқыту, тілдік клубтар ұйымдастыру және мәдени іс-шаралар өткізу сияқты тиімді тәсілдер бар. Мұндай заманауи әдістерді қолдану арқылы қандастар тек тілдік білімдерін ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін де меңгереді.

Оқыту үдерісінде жиі кездесетін қиыншылықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеу өте қажет. Мысалы, мотивациялық факторларды күшейту – табысты тіл үйренудің басты және негізгі шарттарының бірі болып есептеледі. Сондықтан, тіл үйренушілердің мотивациясын арттыруға бағытталған тиімді тәсілдерді қолдану, мысалы, ойын элементтерін енгізу, тіл үйрену процесін қызықты әрі нәтижелі етеді. Сонымен қатар, ортақ тілдік ортаны құру арқылы қандастардың тілдік дағдыларын іс жүзінде қолдануына мүмкіндік беру де маңызды болып саналады.

Қазақ тілін үйрету әдістемесінің қандастар арасындағы тәжірибелерін жүйелі түрде жалпылап, олардың білім деңгейін арттыруға ықпал ететін инновациялық әдістерді дамыту және оқу процесіне енгізу өте маңызды. Бұл инновациялық әдістердің ішінде жобалық оқыту, тілдік клубтарды ұйымдастыру және мәдени іс-шараларды өткізу сияқты тиімді тәсілдер бар. Осындай заманауи әдістерді қолдану арқылы қандастар тек тілдік білімін ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін де тереңірек меңгереді. Қорыта айтқанда, қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру ұлттық мәдениетті нығайтуға, қоғамдағы тілдік әртүрлілікті сақтауға және қандастардың әлеуметтік, мәдени, экономикалық өмірге белсене қатысуына септігін тигізеді. Бұл бағыттағы жұмыс тек ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелері мен тіл үйрету орталықтары үшін де үлкен практикалық маңызға ие.

1. Қандастар контингентінің әлеуметтік-педагогикалық сипаты

Қандастар аудиториясы жас ерекшелігі, тілдік тәжірибесі, оқу мотиві тұрғысынан бірнеше топқа бөлінеді.

Балалар мен жасөспірімдер (7-17 жас) көбіне тұратын елінде сол елдің мемлекеттік тілінде білім алған, қазақ тілін отбасылық деңгейде фрагментті қолданатын немесе мүлде қолданбайтын топты құрайды. Олардың мотиві – ата-ана талабы, қазақстандық мектепке бейімделу, құрдастарымен еркін қарым-қатынас.

Жастар (18-30) – жоғары білім, жұмыс, азаматтық алу мақсатында Қазақстанға келетін, қазақ тілін оқу, еңбек және ресми қатынас саласында функционалдық деңгейде қажет ететін топ. Мұнда кәсіби және әлеуметтік мотив, сонымен қатар ұлттық-мәдени қызығушылық айқын көрінеді.

Ересектер (30 жастан) – тұрмыстық және кәсіби бейімделу мақсатында тілді меңгеретін, бір бөлігі қазақ тілін диалектілік, өзге графика негізінде пассивті білетін, бір бөлігі мүлде білмейтін көптілді тұлғалар. Олардың мотиві – отбасылық қатынас, балаларын қазақтілді ортаға енгізу, тарихи тамырға оралу.

Бұл ерекшеліктер сабақ мазмұнын, қолданылатын әдістерді, бағалау мен кері байланыс формаларын саралауды талап етеді.

Көптілді орта факторлары

Көптеген қандастар Қытай, Моңғолия, Түркия, Ресей, Орталық Азия, Еуропа сияқты көптілді кеңістіктен келеді. Үйде бір тіл, мектепте екінші, қоғамдық ортада үшінші тіл басым болуы мүмкін. Мұндай орта:

бір жағынан, жаңа тілді меңгеруде стратегиялар мен когнитивтік икемділікті қалыптастырса;

екінші жағынан, қазақ тілінің беделінің төмен болуы, код-косу, аралас сөйлеу, тілдер иерархиясы сияқты қиындықтар туғызады.

Педагогикалық шешім - көптілділікті ресурс ретінде пайдалану (түсіндіруде, салыстыруда), бірақ сабақтың әрекеттік бөлігі – диалог, ойын, жоба, талқылау – қазақ тілінде жүзеге асуы тиіс.

2. Қазақ тілін қандастарға оқытудың мақсаттық жүйесі

2.1. Коммуникативтік мақсаттар

Коммуникативтік мақсаттар қандастардың нақты өмірлік жағдаяттарда қазақ тілін саналы әрі функционалды қолдануына бағытталады. Негізгі бағыттар:

отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас (өзін және отбасын таныстыру, туыстық қатынастарды сипаттау, күнделікті тұрмыстағы сұрақ-жауап, өтініш, алғыс, кешірім);

қоғамдық қызмет көрсету саласы (дүкен, базар, көлік, дәріхана, емхана, банк, байланыс орталықтарында қажетті ақпаратты сұрау, түсіндіру, шағым білдіру);

ресми-әкімшілік орта (көші-қон, тіркеу, ықтиярхат, азаматтық алу, оқу орнына түсу, жұмысқа орналасу барысында қолданылатын тілдік формулалар мен құжат үлгілері).

Бұл бағыттар оқу бағдарламасында коммуникативтік модульдер түрінде құрылып, әр модуль нақты жағдаяттар мен тілдік функциялар жиынтығын қамтиды.

2.2. Лингвомәдени және тұлғалық мақсаттар

Лингвомәдени мақсаттың негізгі мәні – қазақ халқының тарихы, ұлттық дәстүрлері мен салт-санасы, мерекелері, сондай-ақ фольклорлық мұрасы туралы базалық білімді қазақ тілінде меңгерту болып табылады. Оқу үдерісінде мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер мен ұлттық ұғымдар кеңінен қолданылып, олар арқылы қазақ халқының дүниетанымы, өмірге көзқарасы мен рухани құндылықтары таныстырылады. Бұл тыңдаушыға тілді тек қатынас құралы ретінде ғана емес, ұлттық мәдениеттің айнасы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде тіл үйренуші қазақы ойлау жүйесін, ұлттық болмысты тереңірек сезіне бастайды.

Тұлғалық мақсат қандастардың ана тіліне және өз ұлтына деген жағымды эмоциялық қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Бұл мақсат «мен – қазақпын» деген ішкі сенімді нығайтып, ұлттық өзіндік сананы дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар тіл үйрену барысында жиі кездесетін тілдік қателіктер үшін ұялу, қысылу, өзіне сенімсіздік сияқты психологиялық кедергілерді азайту көзделеді. Оқу ортасында қолдаушы және ынталандырушы ахуал қалыптастырып, «қателессең де – қазақша сөйле» деген ұстанымды орнықтыру арқылы тыңдаушылардың еркін сөйлеуіне тілдік белсенділігінің артуына және өз мүмкіндігіне сенуіне жағдай жасалады.

2.3. Әлеуметтік-бейімдік мақсаттар

Әлеуметтік-бейімдік мақсаттар қандастардың Қазақстан қоғамына сәтті бейімделуіне бағытталады. Атап айтқанда, бұл мақсаттар олардың еліміздегі құқықтық жүйені, білім беру саласын, еңбек нарығын және денсаулық сақтау жүйесін дұрыс түсініп, сол ортада еркін бағдар табуына ықпал етеді. Тіл үйрету үдерісі тек қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, күнделікті өмірде және ресми жағдайларда қажетті ақпаратты түсініп, қолдана алуына жағдай жасауды көздейді.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін көші-қон рәсімдері, құжаттандыру тәртібі, еңбек қатынастары, білім алу мүмкіндіктері сияқты салаларға қатысты ақпараттық мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Мұндай мәтіндер қандастарға нақты өмірлік жағдаяттарда кездесетін талаптар мен ережелерді түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар ресми іс-қағаздармен жұмыс жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Өтініш, арыз, түсіндірме хат, келісімшарттың жекелеген бөліктері секілді ресми мәтін үлгілерін меңгерту арқылы тыңдаушылар ресми мекемелермен дұрыс және сауатты байланыс орната

алады. Нәтижесінде қандастардың құқықтық сауаттылығы артып, олардың қоғамға әлеуметтік тұрғыдан бейімделу үдерісі жеңілдей түседі.

3. Негізгі әдістемелік қағидаттар

3.1. Коммуникативтік-әрекеттік қағидат

Коммуникативтік-әрекеттік қағидатқа сай тілдік бірліктер нақты әрекетпен байланыста үйретіледі. Сабақ құрылымы: жағдаятты енгізу – коммуникативтік міндетті анықтау – қажетті лексика мен құрылымды ұсыну – рөлдік ойын, диалог, жаттығулар арқылы орындау – рефлексия. Мұнда тыңдаушы белсенді субъект ретінде әрекет етеді.

Коммуникативтік-әрекеттік қағидатқа сәйкес тілдік бірліктер оқшау күйде емес, нақты өмірлік әрекетпен және қарым-қатынас жағдаяттарымен тығыз байланыста меңгертіледі. Бұл қағидаттың негізгі мақсаты – тыңдаушының тілді қарым-қатынас құралы ретінде саналы әрі жүйелі түрде қолдануына мүмкіндік жасау. Осыған орай сабақ үдерісі белгілі бір логикалық құрылыммен ұйымдастырылады: алдымен қарым-қатынасқа негіз болатын жағдаят енгізіледі, содан кейін сол жағдаятқа сай коммуникативтік міндет айқындалады.

Келесі кезеңде аталған міндетті орындауға қажетті лексикалық қор мен грамматикалық құрылымдар ұсынылып, оларды түсіну мен қолдану жолдары көрсетіледі. Бұдан кейін тыңдаушылар рөлдік ойындар, диалогтар, жұптық және топтық жаттығулар арқылы жаңа тілдік материалды іс жүзінде қолданады. Сабақ соңында рефлексия жүргізіліп, тыңдаушылар өз әрекеттерін, жетістіктері мен қиындықтарын саралайды. Бұл үдерісте тыңдаушы білімді дайын күйінде қабылдаушы емес, белсенді субъект ретінде әрекет етіп, өз ойын еркін жеткізуге, тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

3.2. Функционалдық-ситуациялық қағидат

Функционалдық-ситуациялық қағидатқа сәйкес оқу мазмұны дәстүрлі түрде грамматикалық тақырыптарға бөлініп берілмей, тілдің нақты қарым-қатынас барысында атқаратын қызметтері негізінде құрастырылады. Демек білім алушылар тілді құрылым ретінде ғана емес, белгілі бір коммуникативтік мақсатты жүзеге асыру құралы ретінде меңгереді. Осы қағидат аясында оқу материалы тілдік функциялар бойынша жүйеленеді.

Мысалы, сәлемдесу, ақпарат сұрау және беру, өтініш жасау, кеңес ұсыну, келісу немесе келіспеу, өз ойын және эмоциясын білдіру сияқты күнделікті өмірде жиі кездесетін қарым-қатынас әрекеттері негізгі өзек ретінде алынады. Әрбір тілдік функцияға сәйкес қолданылатын лексикалық бірліктер, тұрақты тіркестер мен грамматикалық үлгілер арнайы таңдалып, нақты жағдаяттармен байланыста ұсынылады.

Сонымен қатар әр функция белгілі бір өмірлік жағдаяттармен (ресми және бейресми орта, тұрмыстық, оқу немесе кәсіби жағдайлар) ұштастырыла отырып беріледі. Бұл білім алушыларға тілдік құралдарды орынды әрі тиімді қолдануды үйретеді. Нәтижесінде тыңдаушы тілдік нормаларды жаттап қана қоймай, оларды нақты коммуникативтік жағдайларда саналы түрде пайдалана алатын деңгейге жетеді.

3.3. Мәдени-интегративтік және тұлғалық-бағдарлы қағидаттар

Мәдени-интегративтік қағидат сабақ мазмұнын қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен тығыз байланыстыра ұйымдастыруды көздейді. Бұл ретте оқу үдерісіне қазақтың ұлттық мерекелері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тарихи тұлғалары, сондай-ақ ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұралары кеңінен енгізіледі. Осындай мазмұн арқылы тіл үйрену тек лингвистикалық мақсатпен шектелмей, ұлттық мәдениетті тану құралына айналады.

Қандастардың көшу тарихы, ата-бабаларының шыққан жері, туған өңірі, әулеттік шежіресі жөніндегі әңгімелер мен тапсырмалар олардың жеке өмірлік тәжірибесін қазақ халқының жалпы ұлттық тарихымен ұштастырады. Бұл тыңдаушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, тарихи тамырына деген қызығушылығын арттыруға және мәдени сәйкестілігін нығайтуға ықпал етеді.

Тұлғалық-бағдарлы қағидат білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруді басты назарға алады. Атап айтқанда, тыңдаушының жас ерекшелігі, оқу мақсаттары, қызығушылықтары, танымдық деңгейі мен психологиялық жай-күйі сабақ барысында

міндетті түрде есепке алынады. Мұндай көзқарас әр тыңдаушының мүмкіндігін ашуға, оқу үдерісіне деген сенімі мен ынтасын арттыруға жағдай жасайды.

Бұл қағидат аясында жетістік жағдайын саналы түрде құру маңызды орын алады. Білім алушының шамасына қарай, бірақ нәтижесі айқын болатын тапсырмалар беріледі. Соның нәтижесінде олар шағын болса да толыққанды өнім жасайды: диалог құрастыру, қысқа мәтін жазу, шығармашылық жоба әзірлеу сияқты жұмыстар арқылы өз жетістігін нақты сезіне алады. Мұның бәрі тыңдаушының өзіндік бағасын көтеріп, тіл үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын күшейтеді.

4. Деңгейлік модель (A0-C1)

4.1. Бастауыш деңгей (A0-A1)

Бұл деңгейдің негізгі мақсаты – тіл үйренушінің қарапайым сөз тіркестері мен қысқа сөйлемдер арқылы өзі туралы, отбасы мүшелері жөнінде және күнделікті өмірдегі базалық қажеттіліктерін жеткізе алуына жағдай жасау. Білім алушы ең қарапайым қарым-қатынас жағдаяттарында өз ойын түсінікті түрде білдіре алуы тиіс.

Оқу мазмұны тыңдаушыға жақын әрі өмірлік маңызы бар тақырыптар аясында ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Мен және отбасым», «Қазақстанға көшуім», «Күнделікті тұрмыс», «Этикет формулалары» сияқты тақырыптар арқылы тіл үйренуші өзін таныстыруды, отбасы мүшелерін сипаттауды, тұрмыстық жағдайларды түсіндіруді және сыпайы қарым-қатынасқа қажетті тілдік бірліктерді меңгереді.

Оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер тыңдаушының тілге бейімделуін жеңілдетуге бағытталады. Үлгі-диалогтар арқылы дайын сөйлеу құрылымдары ұсынылады, суреттер мен карточкалар визуалды тірек ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар дұрыс дыбыстау дағдыларын қалыптастыру үшін фонетикалық жаттығулар жүргізіледі. Қысқа рөлдік ойындар арқылы тыңдаушы қарапайым жағдаяттарда тілдік материалды тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік алады.

1- кесте. Бастауыш деңгей (A0-A1) тіл меңгеру деңгейі

| Деңгей | Тыңдалым | Оқылым | Айтылым | Жазылым | Грамматика | Сөздік қор |
|--------|--|----------------------------------|--|----------------------------|-----------------------------------|--------------|
| A0 | Өте қарапайым сөздер мен дыбыстарды таниды | Әріптерді, таныс сөздерді таниды | Жеке сөздермен ғана сөйлейді | Әріптерді, сөздерді жазады | Әлі үйренбеген | 0-100 сөз |
| A1 | Қарапайым сөйлемдерді түсінеді | Қысқа мәтіндерді оқиды | Өзі туралы күнделікті тақырыпта айта алады | Қысқа сөйлемдер жазады | Present Simple, to be, есімдіктер | 500-1000 сөз |

4.2. Орта деңгей (A2-B1)

Деңгейдің негізгі мақсаты – білім алушының тұрмыстық оқу және ресми қарым-қатынас салаларында қазақ тілін өз бетінше әрі сенімді түрде қолдана алуына мүмкіндік жасау. Тыңдаушы күнделікті өмірде, оқу орнында немесе ресми мекемелермен байланыс барысында өз ойын жүйелі жеткізіп, қарапайым сұрақтарға жауап бере алатын деңгейге жетеді.

Оқу мазмұны өмірлік және әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда, құжат рәсімдеу, көші-қон мәселелері, тіркеу және анықтама алу, білім беру жүйесі, еңбек қатынастары, тұрғын үй мәселелері сияқты салалар қарастырылады. Сонымен бірге өткен өмірлік тәжірибені баяндау, қазіргі жағдайды сипаттау және болашаққа жоспар құруға байланысты тілдік материалдар енгізіледі. Бұл тақырыптар тыңдаушының тілдік қорын кеңейтіп, күрделірек ойларды жеткізуге жағдай жасайды.

Оқыту барысында әр түрлі әдістер кешені қолданылады. Мәтін арқылы оқыту тәсілі ақпаратты түсіну мен талдау дағдыларын дамытса, жобалық жұмыстар білім алушының зерттеу және шығармашылық қабілетін арттырады. Коммуникативтік ойындар тілдік белсенділікті күшейтеді, ал жазба тапсырмалар жазу дағдысын қалыптастырып, ойды жүйелі түрде жеткізуге үйретеді.

2-кесте. Орта деңгей (A2-B1) тіл меңгеру деңгейі

| Деңгей | Тыңдалым | Оқылым | Айтылым | Жазылым | Грамматика | Сөздік қор |
|--------|---|--|------------------------------------|------------------------------|--|---------------|
| A2 | Күнделікті тақырыптағы сөйлесуді түсінеді | Қысқа мәтіндер мен хабарландыруларды оқиды | Қарапайым диалог жүргізеді | Қысқа хат, хабарлама жазады | Past Simple, Future (will/going to), салыстыру | 1000-2000 сөз |
| B1 | Негізгі ойды түсінеді | Орташа көлемді мәтіндерді оқиды | Еркінрек сөйлейді, пікір білдіреді | Қысқа эссе, сипаттама жазады | Perfect Tense, Conditional, Passive | 2000-3500 сөз |

4.3. Жоғары деңгей (B2-C1)

Жоғары деңгейдің басты мақсаты – білім алушының академиялық және кәсіби ортада қазақ тілінде еркін, дәл әрі нақты қарым-қатынас жасай алуын қамтамасыз ету. Тыңдаушы күрделі тақырыптарды талқылап, өз көзқарасын негіздеп жеткізе алатын, ресми және кәсіби жағдайларда тілдік нормаларды сақтай отырып сөйлей және жаза алатын деңгейге жетеді.

Оқу мазмұны жоғары деңгейге сай күрделендірілген әрі функционалдық тұрғыдан кеңейтілген тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда, ресми-іскерлік стильдің ерекшеліктері, кәсіби бағытталған қазақ тілі, сондай-ақ қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік мәтіндермен жұмыс жасау қарастырылады. Бұл білім алушының терминологиялық қорын байытып, әр түрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну мен талдау қабілетін дамытады.

Оқытуда қолданылатын әдістер тыңдаушының сыни ойлауын, аналитикалық қабілетін және тілдік дербестігін қалыптастыруға бағытталады. Проблемалық талқылаулар мен пікірталастар арқылы өз ойын дәлелдеп айтуға дағдыланса, кейс-стади әдісі нақты кәсіби жағдаяттарды талдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге аргументативті эссе жазу мен шағын зерттеу жобаларын орындау білімгердің ғылыми стильде ой қорытуы мен жазба тілін жоғары деңгейде дамытуға ықпал етеді.

3-кесте. Жоғары деңгей (B2-C1) тіл меңгеру деңгейі

| Деңгей | Тыңдалым | Оқылым | Айтылым | Жазылым | Грамматика | Сөздік қор |
|--------|--|--------------------------------------|------------------------|-----------------------------------|---|---------------|
| B2 | Күрделі тақырыптағы сөйлесуді түсінеді | Ұзақ, күрделі мәтіндерді оқиды | Еркін, дәл сөйлейді | Эссе, есеп, ресми хат, жазады | Advanced Tenses, Passive, Reported Speech | 4000-6000 сөз |
| C1 | Кез келген тақырыпты дерлік түсінеді | Академиялық, кәсіби мәтіндерді оқиды | Еркін, табиғи сөйлейді | Күрделі құрылымды мәтіндер жазады | Complex structures, Idioms | 7000-9000 сөз |

Материалдар мен зерттеу әдісі

Зерттеу материалы ретінде қандас бауырларға қазақ тілін оқыту үдерісіне қатысты отандық және шетелдік теориялық еңбектер, сондай-ақ практикалық оқыту тәжірибесінде қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар алынды. Атап айтқанда, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесіне арналған ғылыми зерттеулер [1; 2; 3], деңгейлік оқытуға негізделген оқу құралдары [4; 5], бастауыш сыныптарға қазақ тілін оқыту әдістерін сипаттайтын еңбектер [6] зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Материалдар келесі бағыттарды қамтиды:

- қандас бауырлардың тілдік ерекшеліктері (ауызекі сөйлеу тілі, диалектілік элементтер, өзге тілдердің ықпалы);
- қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқу-әдістемелік құралдар, бағдарламалар мен оқу жоспарлары;
- бастауыш, орта және жоғары деңгейлерге арналған тілдік тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі;
- деңгейлік оқытуға негізделген (А1-А2-В1-В2) модельдер мен олардың мазмұны;
- қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар (қатысымдық, деңгейлік, тұлғалық-бағдарлы оқыту).

Зерттеу барысында қандас бауырларға қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолданылып жүрген сабақ үлгілері, мәтіндер, диалогтар, сөздік минимумдар мен бағалау тапсырмалары материал ретінде пайдаланылды.

Зерттеу барысында педагогика, әдістеме және тіл білімінде кең қолданылатын төмендегі әдістер пайдаланылды:

теориялық талдау әдісі – қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми еңбектерді, педагогикалық тұжырымдамаларды зерделеу үшін;

салыстырмалы әдіс – қандас бауырлар мен қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеретін білім алушылардың тілдік ерекшеліктерін салыстыру мақсатында;

бақылау әдісі–қандас бауырларға арналған қазақ тілі сабақтарындағы оқыту үдерісін, білім алушының тілдік әрекетін бақылау үшін;

тәжірибелік-эксперименттік әдіс – деңгейлік модельдің тиімділігін тексеру, тапсырмалар жүйесін апроациялау үшін;

сұхбат және сауалнама әдістері – тыңдаушылардың тілдік қиындықтарын, қажеттіліктері мен мотивациясын анықтау мақсатында;

қорытындылау және жүйелеу әдісі – алынған деректерді талдап, ғылыми тұжырым жасау үшін.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері қандас бауырларға қазақ тілін оқытуда арнайы бейімделген **А-0-С1 деңгейлік модельді** қолданудың тиімді екенін көрсетті. Аталған модель тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік-әрекеттік және функционалдық-ситуациялық қағидаттарды қолдану білім алушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, қазақ тілін нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілеттерін қалыптастырды. Тәжірибелік сабақтар барысында үлгі-диалогтар, рөлдік ойындар, жобалық жұмыстар мен кейс-стади әдістері тыңдаушылардың дербестігін күшейтті.

Сауалнама мен сұхбат нәтижелері қандас бауырлардың қазақ тілін меңгеруге деген ынтасын артқанын, тілдік кедергілердің біртіндеп азайғанын көрсетті. Эксперименттік оқыту барысында білім алушылардың ресми және тұрмыстық қарым-қатынас саласында қазақ тілін қолдану деңгейі едәуір жоғарылағаны анықталды.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесі тек тілдік білім берумен шектелмей, олардың ұлттық-мәдени бірегейлігін сақтауға, әлеуметтік және тілдік бейімделуіне бағытталуы тиіс деген тұжырым жасалды.

Ұсынылған **А-0-С1 деңгейлік педагогикалық модель**, коммуникативтік-әрекеттік, функционалдық—ситуациялық, мәдени-интегративтік және тұлғалық-бағдарлы қағидаттар қандастарға арналған оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуде ғылыми-

тәжірибелік негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері ЖОО, көші-қон орталықтары мен тіл үйрету курстары үшін практикалық маңызға ие. Болашақта әртүрлі елдерден келген қандас топтарымен жүргізілетін эмпирикалық зерттеулер ұсынылған модельді жетілдіруге және оны нақты әлеуметтік жағдайларға бейісіндеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесінің ерекшеліктері қазіргі уақытта өзекті мәселе болып табылады. Бұл әдістеме ұлттық бірегейлікті сақтауға және қандастардың қоғамға сәтті интеграциялануына бағытталған. Қазіргі заманда интерактивті және мультимедиялық технологиялар оқыту процесін жеңілдетіп, білім алушылардың тіл меңгеруін қызықты әрі нәтижелі етеді. Алайда, оқытуда әрбір қандастың тілдік ерекшеліктерін ескеру аса маңызды. Осыған байланысты, индивидуалды тәсілдер қолданылып, олардың тиімділігі тәжірибелік тұрғыда бағаланып отыруы тиіс.

Қандастарға қазақ тілін оқыту – тілдік білім берумен қатар, ұлттық бірегейлікті нығайтудың, әлеуметтік интеграция мен мәдени тұтастықты сақтаудың маңызды тетігі. Ұсынылған А0-С1 деңгейлік моделі, коммуникативтік-әрекеттік, функционалдық-ситуациялық, мәдени-интегративтік және тұлғалық-бағдарлы қағидаттар қандастарға арналған оқу бағдарламаларын, бейімдеу курстарын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуде ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады. Болашақта әр түрлі елдерден келген қандас топтарымен жүргізілетін эмпирикалық зерттеулер мен пилоттық бағдарламалар нәтижесін салыстырмалы талдау ұсынылған модельді нақтылап, жергілікті жағдайға бейімдеу мүмкіндігін кеңейтеді.

Мотивацияны күшейту арқылы білім алушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттыру керек. Ойын элементтерін енгізу және ортақ тілдік орта құру – табысты оқытудың негізгі амалдары болады. Сонымен бірге, жобалық оқыту, тілдік клубтар және мәдени іс-шаралар қандастардың қазақ мәдениетімен жақын танысуына мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру ұлттық мәдениетті нығайтуға және қоғамдағы тілдік әртүрлілікті сақтауға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы жұмыстар ғылыми қауымдастық, білім беру мекемелері және тіл үйрету орталықтары үшін үлкен маңызға ие. Болашақта біз инновациялық әдістерді дамытып, қандастардың тілдік және мәдени білімін арттыруға белсене қатысуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаев Ф.Ш., Рахметова Р.С. (2005). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Print-S, оқу құралы. 170 б.
2. Қадашева Қ. (2005). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мұрагер. 176 б.
3. Құлмағамбетова Б., Исанова А. (2000). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Білім. 144 б.
4. Қуантаева М.Е. (2015). Қазақ тілі жеделдете оқыту: Бастауыш деңгей. Алматы: Отан. 148 б.
5. Тұрдалиева Г. (2012). Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Фолиант. 256 б.
6. Қалимұқашева Б.Д., Абилова О.А. (2011). Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуда тиімді әдістерді таңдау және қолдану. Алматы: Тарих тағлымы. 113 б.

REFERENCES

1. Orazbayeva F. Sh., Rakhmetova R. S. (2005). *Methodologia linguae Kazachicae docendi*. Almaty: Print-S, liber scholasticus. 170 p.
2. Kadasheva K. (2005). *Methodus docendi linguam Kazakh*. Almaty: Murager. 176 p.
3. Kulmagambetova B., Isanova A. (2000). *Methodus docendi linguam Kazakh*. Almaty: Bilim, 144 p.
3. Kulmagambetova B. (1988). *Methodologia linguae Kazachicae docendi*. Almaty: Schola. 240 p.

4. Kuantaeva M. E. (2015). *Doctrina accelerata linguae Kazachicae: Gradus elementarius*. Almaty: Otan. 148 p.
5. Turdalieva G. (2012). *Methodologia linguae Kazachicae in classibus primariis docendi: instrumentum paedagogicum et methodologicum*. Almaty: Foliant. 256 p.
6. Kalimukasheva B. D., Abilova O. A. (2011). *Selectio et usus methodorum efficacium in lingua Kazachica docendi in classibus primariis*. Almaty: Tarikh tagylymy. 113 p.

МЕТОДОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ БРАТЬЕВ КАНДАС: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И МОДЕЛЬ УРОВНЕЙ

Смагулова У. Т.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Яссави,
Туркестан.

e-mail: umsynkul.smagulova.@ayu.edu.kz

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические основы обучения казахскому языку этнических казахов (кандасов), проживающих за рубежом или переселившихся на свою историческую родину – в Казахстан. Анализируются возрастные, социальные и языковые особенности контингента кандасов, факторы многоязычной среды, а также определяются коммуникативные, лингвокультурные и социально-адаптивные цели преподавания казахского языка. В исследовании предлагается уровневая модель А0–С1, основанная на коммуникативно-деятельностном, функционально-ситуативном, культурно-интегративном и личностно-ориентированном принципах. Систематизированы содержательные блоки для начального, среднего и продвинутого уровней, охватывающие миграцию, быт, образование, труд, официальное общение и профессиональный язык. Описаны эффективные педагогические методы, такие как использование типовых диалогов, проектная работа, кейс-стади, использование ресурсов фольклора и семейных ресурсов. Обучение кандасов казахскому языку обосновывается как важный инструмент языковой адаптации, укрепления национально-культурной идентичности и социальной интеграции в общество Казахстана.

Тема обучения казахскому языку казахов, проживающих за рубежом, является актуальной. В данной статье рассматриваются методы и подходы к преподаванию родного языка казахам, проживающим в зарубежных странах. Особое внимание уделяется развитию навыков письма, чтения и говорения. Также обсуждается роль казахского языка в укреплении культурных связей. В статье упоминаются специальные учебные программы и материалы, разработанные для казахской диаспоры за рубежом.

Особенности методики обучения казахскому языку для кандасов (этнических казахов) – это важное направление, которое учитывает культурные и языковые потребности обучающихся. Эта методика фокусируется на национальных традициях, языковой среде и развитии коммуникативных навыков в процессе обучения. Использование интерактивных методов на занятиях позволяет повысить активность учащихся и обогатить их словарный запас. В процессе обучения языку широко используются игры, диалоги, ролевые игры и современные технологии.

Ключевые слова: кандасы, методика обучения казахскому языку, педагогическая модель, языковая адаптация, коммуникативное обучение, уровневое обучение.

METHODOLOGY OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE TO KANDAS BROTHERS: PEDAGOGICAL FOUNDATIONS AND A LEVEL-BASED MODEL

Smagulova U. T.

Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

e-mail: umsynkul.smagulova.@ayu.edu.kz

Abstract. The article examines the pedagogical foundations for teaching the Kazakh language to ethnic Kazakhs (kandas) residing abroad or who have relocated to their historical homeland – Kazakhstan. The age, social, and linguistic characteristics of the kandas contingent, along with the factors of a multilingual environment, are analyzed, and the communicative, linguocultural, and socio-adaptive goals for mastering the Kazakh language are identified. The study proposes an A0–C1 level model based on communicative-activity, functional-situational, cultural-integrative, and personality-oriented principles. Content blocks for elementary, intermediate, and advanced levels are systematized, covering topics related to migration, daily life, education, labor, official communication, and professional language. Effective pedagogical methods are described, such as the use of model dialogues, project work, case studies, and the utilization of folklore and family resources. Teaching the Kazakh language to kandas is justified as a vital tool for linguistic adaptation, strengthening national-cultural identity, and social integration into the society of Kazakhstan.

The topic of teaching the Kazakh language to Kazakhs abroad is relevant. This article examines the methods and approaches for teaching the native language to Kazakhs residing in foreign countries. Special attention is paid to developing writing, reading, and speaking skills. The role of the Kazakh language in strengthening cultural ties is also discussed. The article mentions special educational programs and materials designed for the Kazakh diaspora abroad.

The peculiarities of the methodology for teaching the Kazakh language to kandas (ethnic Kazakhs) represent an important direction that takes into account the cultural and linguistic needs of the learners. This methodology focuses on national traditions, the linguistic environment, and the development of communication skills during the learning process. The use of interactive methods in lessons makes it possible to increase student engagement and enrich their vocabulary. Games, dialogues, role-playing, and modern technologies are widely used in the language teaching process.

Key words: kandasy, methods of teaching the Kazakh language, pedagogical model, language adaptation, communicative teaching, level-based teaching.